

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» ҚАЗАҚ ТІЛІ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жыл сайын өткізіліп отыратын «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

2. «Жарқын болашақ» олимпиадасы «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі-Қор) тарапынан жыл сайын өткізілетін олимпиада болып табылады.

II. «Жарқын болашақ» олимпиадасының мақсаттары мен міндеттері:

3. «Жарқын болашақ» олимпиадасының мақсаты:
- мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;
 - қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау;
 - оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту.
4. «Жарқын болашақ» олимпиадасының негізгі міндеттері:
- оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, тарихына және мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, қазақ халқының тарихын білуге, зерделеуге ынталандыру;
 - тұлғаның өз-өзін дамытуына және өзіндік қабілеттерін жетілдіруіне жағдай жасау.

III. «Жарқын болашақ» олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5. «Жарқын болашақ» олимпиадасына қазақ тілді және қазақ тілді емес 7–11-сынып оқушылары қатыса алады (13-18 жас аралығындағы жасөспірімдер)

6. «Жарқын болашақ» олимпиадасы бес бағытты байқауды қамтиды:
1. «Тілші-әдебиетшілер» (қазақ тіл білімі мен әдебиеті);
 2. «Жас ғалымдар» (ғылыми жоба);
 3. «Жазушылар» (жазбаша шығармашылық жұмыс);
 4. «Сөз шеберлері» (мәнерлеп оқу);
 5. «Әнші-бүлбүлдер» (ән айту).

«Жарқын болашақ» олимпиадасының қорытынды кезеңі бойынша мәлімет облыстық және Астана, Алматы қалалары Білім басқармаларына қосымша хат арқылы хабарландырылатын болады.

7. Бір оқушы бес байқаудың біреуіне ғана қатыса алады.

8. Қорытынды байқауға баратын оқушыларды байқау өтетін қалаға жеткізу мен қатыстыру үшін әр өңірден бір жетекші тағайындалады (жетекші ретінде анасы не/немесе әкесі, не/немесе жіберуші жақ тағайындаған өзге тұлға болуы мүмкін).

9. «Жарқын болашақ» олимпиадасының қорытынды байқауының тапсырмаларын Қор тарапынан дайындалады.

10. «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы» бойынша Қор президенті бұйрығымен бекітілген Ұйымдастыру комитетіне қатысушылардың тізімін берудің соңғы күні – **2018 жылғы 15 наурыз**, электрондық пошта: **bil-edu.kz**

11. Қатысушылардың қорытынды олимпиада өтетін қалаға келу мерзімі мен қайту мерзімі туралы ақпарат Білім басқармаларына қосымша беріледі.

12. Қатысушылар қорытынды тур өтетін қаласының ауа-райына сай жабдықтануын (киім, қажетті заттары және т.б.) өздері қамтамасыз етулері қажет.

13. Қатысушылар келген күннен өз әрекеттерін жергілікті Ұйымдастыру комитетінің бағдарламалары мен жоспарларына сай құруы тиіс.

IV. Қаржыландыру

14. «Жарқын болашақ» олимпиадасының қорытынды турына байланысты іс-шаралары Қор тарапынан қаржыландырады.

15. Облыстық турдан Қорытынды турға жіберілген кандидаттың олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындарын жіберуші жақ қаржыландырады.

16. Қорытынды тур өтетін қалаларға келушілерді жатын орынмен қамтамасыз ету шаралары Қор тарапынан қарастырылады.

17. «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының қатысушысы бір жетекшісімен, кейбір жағдайларда ата-анасының бірге келу мүмкіндігі бар. Қоса келген бір адамды жатын орынмен қамтамасыз ету Қор тарапынан, егер ілескен адамдар саны бір адамнан асқан жағдайда, жатын орынмен қамтамасыз ету мәселесі келушілер тарапынан төленеді.

V. Ұйымдастыру комитеті және Әділқазылар алқасы

18. «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық Ұйымдастыру комитетінің құрамын Қор президенті бекітеді.

19. Ұйымдастыру комитеті:

- «Жарқын болашақ» олимпиадасын ұйымдастырады және оны өткізуге тікелей басшылық жасайды;

- Әділқазылар алқасының республикалық деңгейдегі құрамын бекітеді.

20. «Жарқын болашақ» олимпиадасының Әділқазылар алқасы:

- Төраға;

- Мүшелері (2-3 адам);

- Хатшыдан тұрады.

21. Әділқазылар алқасының міндеттері:

- қатысушылардың жұмысын тексеру, қорытындысын шығару;
- қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылау және қажетті түзетулер енгізу;
- жеңімпаздарды анықтау және жүлделі орындарды бөлу.
- Ұйымдастыру комитетінің төрағасы «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық қорытынды кезеңі бойынша Қор есеп бөліміне есеп дайындауы қажет.

VI. «Жарқын болашақ» олимпиадасының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

22. «Жарқын болашақ» олимпиадасының ашылуы және қатысушыларды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

23. «Жарқын болашақ» олимпиадасының әрбір байқауы бойынша 6 жүлделі орын:

А) I орын – 1;

Ә) II орын – 2;

Б) III орын – 3 адамға белгіленген.

Жүлделі орын саны олимпиадаға қатысқан оқушылардың санына қарай өзгеруі мүмкін. Қорытынды кезеңде қатысушылардың:

А) 5%-ына – I-орын,

Ә) 10%-ына – II-орын,

Б) 15%-ына – III-орын беріледі.

24. «Жарқын болашақ» олимпиадасының жеңімпаздары Ұйымдастыру комитетінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады және оларға сәйкесінше бағалы сыйлық табыс етіледі, сондай-ақ, жеңімпаз оқушылардың ғылыми жетекшілерін марапаттау да көзделген.

25. «Жарқын болашақ» олимпиадасын өткізуде белсенді жұмыс атқарған Әділқазылар алқасы мен Ұйымдастыру комитетінің мүшелері Алғыс хаттармен марапатталады.

**«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының
байқау түрлері бойынша
Ереже**

I. «Тілші-әдебиетшілер» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен білімін бағалау жарысы.

2. Мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін меңгерген оқушыларды ынталандыру.

3. Шарты: қатысушылар сынақ тапсыруы тиіс.

Ол 2 бөлімнен тұрады және тест сұрақтарынан құралған сынақ:

1-бөлімнің тапсырмалары қазақ тілі пәнінен (5–11-сынып) құрастырылады (барлығы 50 сұрақ);

2-бөлімнің тест сұрақтары қазақ әдебиеті пәнінен (5–11-сынып) құрастырылады (барлығы 50 сұрақ).

4. Әр сұрақтың бір дұрыс жауабы бар. Төрт қате белгіленген жауап бір дұрыс жауапты жояды.

5. Сынаққа берілетін уақыт мөлшері – 120 минут.

6. Сынаққа қатысты қосымша түсініктемелер сынақ алдында жарияланады.

II. «Жазушылар» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалау жарысы.

2. Мақсаты - шетелдік диаспора өкілдерінің жасөспірімдерін қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, жазуға талапты балалардың қабілет-қарымын ұштау, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденіске жұмылдыру.

3. Шарттары:

- Оқушы өз ойын қара сөзбен және өлең түрінде жаза алады. Туындылардың әдеби-көркемдік жағы, тәрбиелік-танымдық мазмұны бағаланады;

- Эссе көлемі (А-5 форматындағы) 3 беттен кем болмау керек;

- Жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 120 минут.

- Эссе **тақырыптары**: қазақ тілі (әдебиеті, тарихы, мәдениеті), тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері, Қазақстандағы және басқа елдердегі ұлтаралық, дінаралық этносаралық келісімнің маңыздылығы, бірлік пен татулық, ерлік пен батырлық, руханият, әдептілік қағидалары, зиянды әдеттер және т.б.

- Ұйымдастыру комитеті аталмыш тақырыптардың біреуін таңдауға құқылы.

III. «Жас ғалымдар» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты бір тақырыпты қазақ тілінде ғылыми тұрғыдан түсіндіру қабілетін бағалау сайысы.

2. Мақсаты - оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиетін насихаттау.

3. Шарттары:

- Ғылыми жоба **тақырыбы** қазақ тілі мен әдебиетіне (тарихы, теориясы, өзекті мәселелері т.б.) қатысты болу керек.

- Қатысушының ғылыми жобаны тіл табиғатын сақтап жеткізуі, **тың** тақырыпты таңдауы мен ғылыми жаңалығы бағаланады.

- Ғылыми жұмыс талапқа сай, стандартты ғылыми жобаның жазылу үлгілік шарттарына сәйкес дайындалуы керек (ғылыми жетекші мен сарапшының пікірі болуы керек).

- Қатысушы өз жұмысын қорғау барысында интерактивтік, инновациялық заманауи ақпараттық құралдарды қолдана алады.

- Қатысушыға берілетін ең максималды уақыт мөлшері – 15 минут (Өділқазылар алқасының қосымша сұрағы мен оның жауабына кететін уақытты қоса есептегенде).

- «Жас ғалымдар» байқауы бойынша бағалау ұпайлары:

1) ғылыми жобаны тіл табиғатын сақтай отырып жеткізу, тақырыбын барынша аша білуі; 2) тың тақырып, ғылыми жаңалығы	1) ғылыми жоба талаптарына сай орындалуы; 2) дизайны; 3) уақытты дұрыс пайдалану	1)жұмысқа қатысты қосымша сұраққа жауап
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай

IV. «Сөз шеберлері» байқауы

1. Қазақ тілін - ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ тілінде мәнерлеп оқып, өзіндік қабілетін көрсететін сайысы.

2. Мақсаты - қазақ тілінде мәнерлеп сөйлеуге машықтану, сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тану және көркем шығармаларды мәнерлеп, нақышына келтіре оқу арқылы оқушыны ауызекі сөйлеуге төселдіру.

3. Шарттары:

- Қатысушы 1 шығарманы немесе шығармадан үзіндіні (прозалық немесе поэзиялық) жатқа мәнерлеп оқиды.

- Шығарманың тақырыбы ұлттық құндылықтарды (тарих, тіл, Отан, ұлттық тәрбие т.б.) насихаттау керек;

- Қатысушылар қазақ ұлттық киімімен шығу керек.

- Мәнерлеп оқуға берілетін ең көп уақыт мөлшері – 5 минут (5 минуттан асқан жағдайда ұпай шегеріледі)

- «Сөз шеберлері» байқауы бойынша бағалау ұпайлары:

1)Шығарманың сөздерін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу	1) Дауысы мен дене іс-қимылдарының үйлесімділігі 2) Сахнада өзін ұстау мәнері	1) Киімі; 2) Жатқа оқуы; 3) Әуені (фон)
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай

V. «Әнші-бұлбұлдар» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ тілінде ән айтып, өзіндік қабілетін көрсету сайысы.

2. Мақсаты - қазақ халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармаларын насихаттау және дарынды қазақ тілі жанашырларын, жас буын өкілдерінің арасынан тілді терең меңгергендігін анықтау, оларды таныту.

3. Шарттары:

- Қатысушылар қазақ жеткізе білу керек.
- Ән мен саздың, қимылдың үйлесімділігіне, әнді көрерменге жеткізе білуіне және сахнадағы өзін-өзі ұстау мәнеріне назар аударылады.
- Әнді орындаушы қазақ ұлттық киімімен шығу керек.
- «Әнші-бұлбұлдар» байқауы бойынша бағалау ұпайлары:

1) Әннің сөзін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу.	1) Ән мен саздың және қимылдың үйлесімділігі; 2) Сахнада өзін ұстау мәнері.	1) Вокал; 2) Әуені; 3) Киімі.
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай